

воздействий, направленных на совершенствование физической природы подрастающего поколения, воспитание физических качеств способствует развитию физической и умственной работоспособности, более полной реализации творческих сил человека в интересах общества.

1. Геселевич В.А. Медицинский справочник тренера.-М.:ФиС., 1981.
2. Динейка К.В. Движение, дыхание.-М.: ФиС., 1986.
3. Энок Р.М. Для студентов вузов физического воспитания и спорта.- М., 2000.
4. Ильнич В.И. Студенческий спорт и жизнь.:АОАспект пресс.-М., 1995.

#### Түйін

Жалпы дене дайындық сабағы - жылдамдық пен күштілікті арттырады. Студенттердің жылдамдық қабілеттерін қамтамасыз ете отырып, қимыл іс-әрекетін ең аз уақыт аралығында орындауын талап етеді.

#### Summary

The development of speed-strength training have a PFD. Speed increase students' ability of an organism, providing execution of motor actions in the minimum conditions for the data period.

## ВОЛЕЙБОЛ ОЙЫНЫНЫҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ

**С.Т.Көкенов -**

*дене тәрбиесі және спорт кафедрасының аға оқытушысы*

Волейбол (ағылшынша: volleyball , volley — «қалқып ұру», ball — «доп») - спорт ойыны.1995 жылы әлемдік спорт шеберлері волейболдың 100 жылдық мерейтойын тойлады. Бұл ойынның ресми күні 1885 жыл деп есептеледі. АҚШ-тың Массачусетс штатындағы белгілі Гелиокс колледжінде дене шынықтыру пәнінен сабақ берген американдық азамат Уильям Дж. 1897 жылы волейболдың 10 шартын ұсынған. Оның басты қағидалары төмендегідей:

- Аланның ауқымы белгіленуі тиіс.
- Алаң аумағы: 25x50 фут (7,6x15,1 м).
- Себеттің көлемі 2x27 фут (0,61x8,2 м).
- Биіктігі: 6,5 фут (198 см).
- Допрезінктеріден жасалуы керек. Оның салмағы - 340 г.

**Алдымен осы волейбол ойынының шығу тарихына тоқтала кететін болсақ.**

Уильям Дж. Морган бұл ойынды «МИНТОНЕТ» деп атаған екен. Негізінен волейболдың тарихы он тоғызыншы ғасырдан бастау алады. Кейбір ақпараттарға сүйенсек, Еуропа, Орталық және Оңтүстік Америка халықтары осы тектес ойынды мыңдаған жыл бұрын ермекке айналдырған көрінеді. Ежелгі Рим жылнамаларында да б.э. д III ғасырда волейбол сынды фаустбол ойын түрі ұйымдастырылып тұрған. Олар әр командада 3-6 ойыншыдан бөлініп, допты аласа қабырғадан лақтыруға тырысқан. Фаустбол ойыны әсіресе, Еуропа халықтарына кеңінен танылған. Ойын 15 минуттан 2 таймға созылған.

Десе де, волейболдың ресми күні 1895 жыл деп белгіленді. Оны алғаш ойлап тапқан У.Дж.Морган.

Арада бір жыл өткен соң, яғни 1896 жылы "минтонет" ойыны Спрингфилде ( АҚШ, Массачусетс штаты) Христиан Жастар Одағының конференциясында назарға ұсынылды. Аталмыш одақ волейболдың бастамашылары бола білді.

Кейіннен тас қамалдан емес, арнайы тордан допты лақтыру мүмкіндігі пайда болған кезде профессор Альфред Хальстед "минтонетті" "волейбол" атауымен алмастыру қажет деп мәлімдеме жасады. 1897 жылы Христиан жастары қауымдастығы волейболдың ресми шарттарын айқындап, арнайы анықтама ретінде шағын кітапша басып шығарды.

1900 жылы волейбол танымалдығы жағынан АҚШ-тың шеңберінен шығып, әлемнің өзге елдеріне таныла бастады. Ойынға алғашында Канада, кейін Үндістан және Азия елдерін қызығушылық танытқан. 1905 жылы Куба, 1906 жылы Қытай, 1908 жылы Жапонияда волейбол құрамалары құрылды. 1909 жылдан

бастап Пуэрто-Рикода бұқаралық ақпарат құралдырында волейбол матчынан репортаждар беріледі бастады. Мысалы, 1910 жылы Перу мен Филиппинде, 1912 жылы Уругуайда, 1914 жылы Англияда, 1917 жылы Мексика мен Францияда, 1918 жылы Италияда, 1919 жылы Чехословакияда, 1923 жылы Африка құрлығындағы Мысыр, Тунис, Марокко, ал 1924 жылы Испания мен Югославияда, 1925 жылы Голландияда Жастар Христиан Қауымдастығының бастамасымен арнайы командалар пайда болды.

1900 жылы Американың «Spalding» фирмасы алғашқы волейболдық доп жасап шығарды. Бүгінде ресми жарыстарда допты дайындауды жапондық "Mikasa" корпорациясы мен ағылшындық "Molten" "Wilson" фирмасы жауапкершілікке алып отыр.

1900 жылы ойынның алғашқы ресми 12 ережесі қарастырылған. Оның ресми регламенті 20 жылдары қолданысқа енді. Сол кезде биресми халықаралық турнирлер өтіп тұрған болатын. 1913 жылы 16 ерлер командасымен Азия ойындары өтті. Оған Қытай мен Филиппин қатысты.

1913 жылы Манилада Қиыр Шығыс елдерінің ойын бағдарламаларына волейбол енгізілді. І-дүниежүзілік соғысқа дейін американдық әскерилер волейболды уақытты тиімді өткізудің бір әдісі ретінде ойнаған.

1921 жылы Қиыр Шығыста өткен чемпионат Азия мен Жапонияда ерлер командалары арасында өткен алғашқы жоғары дәрежеде көрсетілді.

Ал, 1922 жылы Канада мен АҚШ-та Христиан Жастар Қауымдастығы жетекшілерінің қолдауымен волейболдан алғашқы ойын өткізілді. Осы жылы Чехословакияда ерлер құрамасы арасында ұлттық чемпионат ұйымдастырылды. 1929 жылы Орталық Америкадағы олимпиадалық ұлттық комитет ерлер волейбол құрамасын Кубада өтетін олимпиадалық аймақтық ойындар тізіміне қосты. Осы жылы АҚШ пен Польшада алғашқы ұлттық чемпионат өтті. Сонымен қатар біріншілік ойындары Еуропада, нақтырақ айтсақ, Англия, АҚШ, Франция мен Польша командалары өзара бәсекелесті.

Бірте-бірте волейбол халықаралық дәрежеге жетті. 1922 жылы АҚШ-та волейболды олимпиада ойындарына қосу туралы ұсыныс жасалды.

1932 жылы әйелдерден құралған волейбол командасы Сальвадорда өткен аймақтық олимпиада жарысында өнер көрсетті.

Ал, 1936 жылы Стокгольмда гандболдан халықаралық федерация мен Польша өкілдігі волейболды гандболдың бір түрі ретінде санау керектігі туралы бастама көтерген. Сол кезде Еуропадан 13, Америка елдерінен 5 және Азия мемлекеттерінен 4 елден арнайы комиссия құрылды.

1936 жылы волейболдан халықаралық федерацияның қолдауымен жарыстар өткізіліп тұрды. Алайда, Берлинде өтуі тиіс олимпиадалық ойын екінші дүниежүзілік соғыс салдарынан үзіліс жасады. Әскери іс-қимыл аяқталған кезде, 1944 пен 1946 жылдары волейболдан әлем чемпионаты Бразилияда өткізілді.

1947 жылдың 18 мен 20 сәуір аралығында Парижде 14 елдің қатысуымен (Бельгия, Бразилия, Мажарстан, Голландия, Мысыр, Италия, Польша, Португалия, Румыния, АҚШ, Уругуай, Франция, Чехословакия және Югославия) Federation Internationale de Volleyball (FIVB - ФИВБ) Халықаралық волейбол федерациясы құрылды. Бұл волейболдың халықаралық деңгейде беделін арттыруға көп септігін тигізді.

1980 жылдары ФИВБ-ға мүше болған елдер қатарын 156-ға өсті. 1984 жылы жаттықтыру курсының 100 жылдық мерейтойы болды.

Еліміздің волейбол тарихына көз жүгірестек.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін волейбол спортын дамытудың жана мүмкіндіктері пайда болды. Қазақстандықтардың енді өздері тікелей халықаралық жарыстарға, олимпиадаларға қатысуына жол ашылды. Мұның өзі, әрине, спортшылардың шетелдерге жиі шығып, өнер көрсетулеріне мүмкіндік берді. Арнайы ұйымдастырылып өткізіліп тұратын жарыстар Қазақстан Республикасының деңгейін анықтап, тәжірибе жинақтауын қамтамасыз етеді. Жанкүйер қауым бұл турнир туралы шетелдік мықты командалардың ойындарын көру мүмкіндігіне ие болды.

Елімізден Кеңес Одағы кезінде көптеген саңлақ волейболшылар шыққан, «Буревестник» сияқты бұрынғы Одақта атағы жер жарған Еуропаның мықты клубы қалыптасқан.

Онда Олег Антропов, Валерий Астанин, Амангелді Сұлтанов, Вадим Кулаков, Александр Портной, Вячеслав Шапран сынды ойыншылар негізін құрады. Ал бұл команда 1967 жылы КСРО чемпионатының жоғары лигасында қола жүлдегер атанса, келесі жылы КСРО спартакиадасы мен чемпионаты жоғары лигасында күміс жүлдесіне қол жеткізді. 1969 жылы КСРО біріншілігінің жеңімпазы

атанып, өз тарихында алғаш рет Еуропа чемпиондарының кубогын ұтып алды 1971 жылы КСРО-ның қола жүлдегері «Буревестник» тағы да Еуропа чемпиондары кубогына ие болады. Сондай-ақ ол КСРО-ның V спартакиадасында 3-орынға шығып, 1973 жылы «Буревестник» командасының аты «Дорожник» болып өзгерді.

Бірақта ел құрамасына бас бапкер болып тағайындалған КСРО, Қазақстан және Латвия Республикаларының еңбек сіңірген жаттықтырушысы Геннадий Паршин ҚазАқпарат тілшісімен сұхбатында волейболдан Қазақстанның ерлер құрамасына өз ұлттық кадрларымыз қажет екенін атап өтті. Кезінде КСРО құрамасын да баптап, Латвия, Түркия, Жапония сынды елдерде жемісті жұмыс жасай білген бапкердің айтуынша, Қазақстан волейболын дамытудың төрт жылдық бағдарламасына сәйкес ұлттық құраманы бірте-бірте жасарту міндеті алға қойылып отыр. Егер осы күйде жүре берсек, төрт жылдан кейін құраманың белді ойыншыларының жасы отыздан асып кетеді де, ел намысын абыроймен қорғау одан сайын қиындай түседі. Биылша тәжірибелі ойыншыларға сенім артсақ, келесі маусымнан бастап ел құрамасы жас волейболшылармен толықтырыла беріледі. Өйтпесе болмайды. Қазіргі кезде Қазақстан құрамасы негізінен легионерлерден тұрады. Ұлттық құрама өз түлектерімізден жасақталуы керек. Бұл үшін кемінде үш-төрт базалық клуб құрылып, оның құрамында жасөспірімдерден бастап ересектерге дейінгі инфрақұрылым болғаны жөн. Команданы күшейту үшін бір-екі легионерді ұстауға болар. Қазір екі-үш клуб қана жас ойыншыларды қатарға қосуда. Қалғандары сырттан келгендер есебінен «күн көруде». Соның салдарынан волейбол өзінің тартымдылығын жоғалтты, ұлттық намыс жоқ. Жас ойыншыларымызда тәжірибе жетіспей жатыр. Қазіргі уақытта әлемдік волейбол қатты дамып кетті. Барлық жерде бұл ойын жүйелі түрде жолға қойылған. Егер мұны бүгін қолға алмаса, ертең мүлде кеш болады. Сол себепті әр мектепте арнайы волейбол кластарын ашып, балалар бапкерлерін қайтадан жинап, оларға барынша жағдай жасаған дұрыс. Кезінде бұлардың көбі жан-жаққа кетіп қалды. Бұған енді жол бермеу үшін жаттықтырушылардың жалақылары да жоғары болуы керек.

#### **Бүгінгі волейбол.**

Волейбол спорт ойыны ретінде XX ғасырдың бас кезінде пайда болғанымен, бұл ойын дене дайындығы, ойын әдісін игеру жөнінде ойыншыларға және оны ұйымдастыруға өте үлкен талаптар қояды.

Волейбол ойынының жасөспірімдерді тәрбиелеудегі маңызы әсіресе зор. Себебі ойын дене шынықтыруды жан-жақты дамытуға құрылған спорт түрі екенін айтқанымыз жөн. Жекпе-жекке құрылған спорт түрлеріне қарағанда жарақаттану сиректеу кездеседі. Ойыншының дене дайындығын, техникалық, шеберлік жағын шыңдауды қамтамасыз етуі үшін жаттығуына мүмкіндігі бар. Волейбол – шапшаң ойын. Қас қағым сәтте шешім қабылдап, допты жеңіске жету үшін дұрыс жолдай білу керек. Баскетболда, гандболда допты еденге соғып, ойнауға рұқсат етілсе, волейболда доп өз алаңында жерге түспеуге тиіс. Айланы асырып, қарсылас алаңында допты «жамбасын тигізу» - мұрат. Ең бастысы, волейбол - ұжымдық ойын. Барлық ойыншы командалық жеңіске жетуге бірлесіп күш-жігерін жұмсайды. Жеңсе бірге қуанып, жеңілсе бірге мұңайып, әйтеуір ортақ мақсатқа жету жолында ұйымшылдық ахуалды бастан кешеді.

*1. Тастемханов Ө. Жастың да, кәрінің де сүйікті ойыны./Сарыарқа самалы интернет ресурсы/.*

*2. Қазақстан құрамасын өз ойыншыларымыздан жасақтау қажет? Г. Паршин/ inform.kz.сұхбат*

#### **Резюме**

В данной статье рассматриваются стадии становления и развития волейбола, а также роль волейбольных клубов в воспитании подрастающего поколения.

#### **Summary**

This article describes history of origin volleyball game: beginning from invention till its evolution in different countries. Article speaks about volleyball Club of Soviet Union achievements. Also author indicates on current problems in this kind of sport. And he emphasizes importance of going in for volleyball in bringing up of girls and boys.